

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Біржан ауылдық округі көшелеріне атау беру туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Біржан ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 26 тамыздағы № 3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29335 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2021 жылдың 11 маусымындағы қорытындысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Біржан ауылдық округінің Біржан ауылдының көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- 6 - шартты көшесіне Қайлар Смағұлов көшесі;
- 9 - шартты көшесіне Сегізбай болыс көшесі;
- 5 - шартты көшесіне Шакура Әбдікенова көшесі;
- 2 - шартты көшесіне Жапабай қажы.

2. Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Біржан ауылдық округі Қуаныш ауылдының көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- 2 - шартты көшесіне Жұмаділ Бақтыбаев көшесі;
- 7 - шартты көшесіне Қонақай әулие көшесі;
- 5 - шартты көшесіне Исабек Андырбаев.

3. Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Біржан ауылдық округі Ақарал ауылдының көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- 3 - шартты көшесіне Англихан Ахметов көшесі;
- 1 - шартты көшесіне Халит болыс.

4. Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы "Біржан ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оның ресми жарияланғаннан кейін Зайсан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

- 5. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

M. Мырамытов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК